

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Фотокамера DEXP DC5200

Құрметті сатып алушы!



Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және құылғыны әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Фотокамера бейнелерді тіркеуге және видео жазуға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны суға батырмаңыз және су көздерінен тікелей жақындықта пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны құлаудан, соққылардан, шайқалудан сақтандырыңыз. Дөрекі пайдалану ішкі түйіспелер мен платаларға зиян келтіруі мүмкін.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда.
- Құрылғының бүлінуін болдырмау үшін оны ылғалдың, шаңның, оттың және төтенше температураларының әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны қатты жылу көздеріне тікелей жақын жерде сақтамаңыз.
- Аккумуляторлық батареяны зарядтау ересек адамдардың бақылауымен жүргізілуі тиіс.
- Құрылғымен жүргізілетін білікті емес манипуляциялар (түрлендіру, жөндеу және т.б.) құрылғыға және Сіздің денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін.
- Құрылғыны ұзақ уақыт сақтау алдында қуат элементтерін үнемі шығарып отырыңыз.
- Объективті тазалау үшін тек мамандандырылған майлықтарды және оптикалық жабдыққа арналған тазалағыш құралдарды пайдаланыңыз. Абразивтерді, сұйықтықтарды немесе химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Осы құрылғыны құлаудан кейін, сондай-ақ кабельдің немесе құрылғының өзінде көзге көрінетін зақымданулары болған кезде пайдаланбаңыз. Авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының жұмысында ақаулар анықталған кезде, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз да авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.

Құрылғының сұлбасы



1. Жарқыл.
2. «Түсіру» батырмасы.
3. «Қуат беру» батырмасы.
4. Таймер индикаторы.
5. Объектив.
6. USB жалғағышы.
7. Микрофон.
8. «Солға»/«Таймер» батырмасы.
9. «Оңға»/«Жаңғырту» батырмасы.
10. Масштаб +.
11. Масштаб -.

12. Күй индикаторы.
13. Белдікшеге арналған бекітпе.
14. «Жоғары қарай»/«Дисплей» батырмасы.
15. «Оңға қарай»/«Жарқылды басқару» батырмасы.
16. «OK» батырмасы.
17. «Төмен қарай»/«Режим» батырмасы.
18. Батарея және жад картасы бөлімшесінің қақпағы.
19. «Жою» батырмасы.
20. «Мәзір» батырмасы.
21. Дисплей/көрсеткіш тетік.
22. Ұшаяқты/штативті қосуға арналған жалғағыш

Экрандағы белгілер

Фото режимі



1. Режим.
2. Бейне ажыратымдылығы.
3. Көріністер.
4. Бетті анықтау.
5. Күлімсіреуді анықтау.
6. Таймер.
7. Түсірілімнің қалған саны.
8. Зум.
9. Батарея зарядының индикаторы.
10. Экспозиция.
11. Ақ түс балансы.
12. Ашықтық деңгейі.
13. Фото сапасы.
14. ISO деңгейі.
15. Тұрақтандыру.
16. Жарқыл.
17. Сақтау орыны

Экрандағы белгілер

Видео режимі




1. Режим.
2. Видео ажыратымдылығы.
3. Жазудың қалған уақыты.
4. Зум.
5. Батарея зарядының индикаторы.
6. Экспозиция.
7. Ақ түс балансы.
8. Ашықтық деңгейі.
9. Видео сапасы.
10. Сақтау орыны

Пайдалануға дайындау

Батареяны орнату

1. Қақпақты төмен қарай жылжытыңыз және батареяға арналған бөлімшені ашыңыз.
2. Төмендегі сұлбада көрсетілгендей батареяны салыңыз, және батареяға арналған бөлімшені жабыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ұзақ уақыт сақтаған кезде батареяны құрылғыдан шығарып алыңыз.


Батареяны зарядтау

Батареяны зарядтау үшін камераны USB кабелі көмегімен Сіздің компьютеріңізге қосыңыз. Зарядтау кезінде жарық индикаторы жанатын болады, ал зарядтау процесі аяқталғаннан кейін – өшеді.

SD картасын орнату

Аталған құрылғы көлемі 32 Гб дейін SD форматындағы жад карталарын қолдайды. Ішкі жад 1 тестілік фотосуретті сақтау үшін ғана пайдаланылады, камера сөндірілген кезде жойылатын болады.

Төмендегі суретте көрсетілгендей, SD картасын орналастырыңыз, және оны шертілгенге дейін салыңыз. Экранда SD белгішесі көрсетіледі.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- SD-картаны орнатқаннан кейін Сіз түсіретін барлық фото мен видеолар оған автоматты түрде сақталатын болады.
- Форматтау қорғалған деректерді қоса алғанда SD-картадан барлық деректерді жояды.
- Форматтау кезінде картаны шығармаңыз. Бұл оған зиян келтіруі және әрі қарай пайдалануға жарамсыз етуі мүмкін.

Құрылғымен жұмыс істеу

1. Аталған құрылғының үш жұмыс режимі бар: фото түсіру, видео түсіру, файлдарды жаңғырту.
2. Құрылғыны қосу үшін, қуат беру батырмасын басыңыз, құрылғының дисплейі жанады, және дыбыс сигналы шығады. Құрылғыны сөндіру үшін қуат беру батырмасын тағы бір рет басыңыз.
3. Қосылғаннан кейін құрылғы фото түсіру режимінде болады, дисплейде ағымдағы режимнің тиісті белгішесі көрсетілуі мүмкін.

Фото түсіру

1. Камераны бір күйде бекітіңіз және суретке түсіру үшін «Түсіру» батырмасын басыңыз. Түсірген суретті жад картасына сақтау үшін құрылғыға бірнеше секунд керек.
2. Фотосуреттерді таңдалған ажыратымдылықпен сақтауға арналған жад слоттарының саны камера дисплейінде көрсетіледі. SD-картадағы жад толып кетсе, дисплейде тиісті мәлімдеме пайда болады. Құрылғымен жұмысты жалғастыру үшін бос жад картасын салыңыз немесе қажетсіз фотосуреттерді жойыңыз.

Цифрлық зум функциясы

Цифрлық зумның көмегімен Сіз түсіру объектісін 4 есе жақындата аласыз. Объектіні жақындату және алыстату үшін тиісінше «Масштаб +» және «Масштаб -» батырмаларын басыңыз.

Жарқыл

Төмен жарықтандыру жағдайында түсірілім кезінде кірістірілген жарқылды пайдаланыңыз. Жарқылды қосу үшін «Жарқыл» батырмасын басыңыз. Режимді таңдау үшін «Жарқыл» батырмасын ретімен басыңыз.

Жарқыл жұмысының режимдері:

- Мәжбүрлі түрде.
- Қызыл көз әсерін азайту.
- Автоматты түрде.
- Сөнд.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: батареяның заряды аз болған кезде дисплейде «Батареяның заряды төмен» жазуы көрсетіледі, және жарқыл істемейтін болады. Жарқыл «Макро» режимінде жұмыс істемейді.

Көріністер

Камераға келесі көріністер алдын ала орнатылған: Авто > Портрет > Түнгі портрет > Пейзаж > Түнгі пейзаж > Спорт > Жағажай > Жоғары сезімталдық.

Сіз түсіру жағдайларына барынша жарайтын кез келген көріністі таңдай аласыз:

1. Камераны «Фото» режимінде қосыңыз.
2. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
3. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
4. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен көріністі таңдаңыз.
5. Таңдауды растау үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Таңдалған көрініс белгішесі дисплейде көрсетілетін болады.

Бейне ажыратымдылығы

Фотосуреттің ажыратымдылығы оның сапасына және Сіз жасай алатын суреттер санына әсер етеді. Фотосуреттің ажыратымдылығы неғұрлым жоғары болса, ол жад картасында соғұрлым көп орын алады. Фотосуреттің ажыратымдылығын теңшеу үшін келесі әрекеттер орындаңыз:

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен ажыратымдылықты таңдаңыз.
4. Растау үшін «ОК» батырмасын басыңыз, мәзірге оралу үшін «Мәзір» батырмасын басыңыз. Ажыратымдылық белгішесі камера дисплейінде көрсетілетін болады.

Тұрақтандыру

Аталған функция түсіру кезінде бейненің көмескіленуін болдырмау үшін пайдаланылады. Бейнені тұрақтандыруды қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «ҚОС» немесе «СӨНД» таңдаңыз.
4. Растау және мәзірге оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Тұрақтандыру белгішесі камера дисплейінде көрсетілетін болады.

Бетті тану

Аталған функция камераны кадрдағы бетке автоматты түрде фокустануы үшін пайдаланылады.

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті белгішені таңдаңыз.
2. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «ҚОС» немесе «СӨНД» таңдаңыз.
3. Растау және мәзірге оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Күлімсіреуді тану

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «ҚОС» немесе «СӨНД» таңдаңыз.
4. Растау және мәзірге оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Сериялық түсіру

Сіз бұл функцияны 6 реттік сурет түсіру үшін пайдалана аласыз.

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «ҚОС» немесе «СӨНД» таңдаңыз.
4. Растау және мәзірге оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: бұл режимде суреттердің ажыратымдылығы тек VGA болуы мүмкін. Ажыратымдылықты ауыстыруға әрекет жасаған кезде сериялық түсіру режимінен шығу туралы мәлімдеме пайда болады.

Кідіріспен түсіру

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен Сіз кідіріс уақытын таңдай аласыз немесе режимді сөндіре аласыз.
4. Растау және мәзірге оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Бейнені теңшеу

Сіз келесі параметрлердің теңшелімдерін қолмен орната аласыз: экспозиция, ISO, ақ түс балансы, ашықтық, бейне сапасы, әсерлер, күні, камераны автоматты түрде сөндіру, тілі, жиілік. Сіз сонымен қатар тікелей құрылғының өзінде жад картасын форматтап, зауыттық теңшелімдерге дейін қайтаруды орындай аласыз.

Теңшелімдер мәзіріне кіру үшін «Мәзір» батырмасын басыңыз, белгішелер арасында ауысу үшін «Солға»/«Оңға» батырмаларын пайдаланыңыз.

Экспозиция

Аталған функция Сіздің суреттеріңіздің ашықтығын бақылауға мүмкіндік береді:

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде экспозиция қойындысын таңдаңыз.
2. Экспозиция теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен экспозиция мәнін таңдаңыз (+3-тен -3-ке дейін).
4. Растау және камера режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Тиісті белгіше дисплейде пайда болады.

ISO

Аталған функция Сізге камера сезімталдығын орнатуға мүмкіндік береді.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде ISO қойындысын таңдаңыз.
2. ISO теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен ISO мәнін таңдаңыз: Авто/100/200/400.
3. Растау және камера режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Тиісті белгіше дисплейде пайда болады.

Ақ түс балансы

Аталған параметр жарық көзіне сәйкес ақ түс балансын түзетіп алуға мүмкіндік береді.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Ақ түс балансын» таңдаңыз.
2. Ақ түс балансы теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен Авто/Күн/Бұлтты/Қызу шамы/Күндізгі жарық шамы мәнін таңдаңыз.
4. Растау және камера режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Тиісті белгіше дисплейде пайда болады. Мәзірге оралу үшін «Мәзір» батырмасын басыңыз.

Ашықтық

Аталған параметр сурет ашықтығын орнатуға мүмкіндік береді, бұл объектілер шекаралары азды-көпті анық болса, түсіру нәтижесіне әсер етеді.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Ашықтық» таңдаңыз.
2. Ашықтық теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен Жоғары/Қалыпты/Төмен мәнін таңдаңыз.
4. Растау және фото түсіру режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Сурет сапасы

Бұл параметр фотосурет SD-картада алатын орын көлеміне әсер етеді.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Сапа» таңдаңыз.
2. Сапа теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен Жоғары/Орташа/Төмен мәнін таңдаңыз.
4. Растау және фото түсіру режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Күні

Аталған функция жүйеде күн мен уақытты орнатуға мүмкіндік береді, олар фотосуреттерде көрсетілетін болады.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Датаны» таңдаңыз.
2. Дата теңшелімдерінің қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен мына функцияны белсендіріңіз:
 - «ҚОСУ» — фотосуретте және камера дисплейінде күнді көрсету үшін;
 - «СӨНД» — егер Сіз фотосуреттер мен камерада күнді көрсеткіңіз келмесе;
 - «Датаны орнату» — күнді теңшеу үшін.
4. Күнді теңшеу үшін «Солға»/«Оңға» батырмаларын басыңыз, күн мен форматты орнату үшін «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларын басыңыз.

Автосөндіру

Әдепкі қалпы бойынша пайдаланушы белсенді болмаған кезде 3 минуттан кейін құрылғыны автоматты сөндіру функциясы белсендірілген.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Автосөндіру» таңдаңыз.
2. Автосөндіру теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен 1 мин./2 мин./3 мин./ 4 мин./ 5 мин./ 10 мин./ Жоқ таңдаңыз.
4. Растау және фото түсіру режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: егер Сіз «Жоқ» мәнін таңдасаңыз, камера автоматты түрде сөндірілмейді және батареяның заряды толық таусылмағанша немесе мәжбүрлі сөндіру сәтіне дейін жұмыс істейтін болады.

Дыбыс әсерлері

Аталған параметр батырмаларды басудың дыбыстық сүйемелдеуін белсендіреді немесе белсенділігін өшіреді.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Дыбыстық әсерлер» таңдаңыз.
2. Дыбыс теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен ҚОС/СӨНД таңдаңыз.
4. Растау және фото түсіру режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Тіл

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Тіл» таңдаңыз.
2. Тіл теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен Сізді қызықтыратын тілді таңдаңыз.
4. Растау және фото түсіру режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Жиілік

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Жиілік» таңдаңыз.
2. Жиілік теңшелімдері қосалқы мәзіріне кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен 50/60 Гц таңдаңыз.
4. Растау және фото түсіру режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Форматтау

Аталған функция жад картасын форматтауға және барлық файлдарды (оның ішінде қорғалған) өшіруге мүмкіндік береді.

1. Форматтау қосалқы мәзіріне кіріңіз.
2. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «ОК/Болдырмау» таңдаңыз.

Әдепкі қалпы бойынша теңшелімдер

Сіз камера теңшелімдерін зауыттық мәндерге дейін қайтара аласыз.

1. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен теңшелімдер мәзірінде «Әдепкі қалпы бойынша теңшелімдер» таңдаңыз.
2. Қосалқы мәзірге кіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен әдепкі қалпы бойынша теңшелімдерге оралу үшін «ОК», немесе камера режиміне оралу үшін «Болдырмау» таңдаңыз.

Видео түсіру

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: камераның ішкі жад көлемі шектеулі, ол видеороликтерді сақтауға мүмкіндік бермейді, сондықтан камераға SD-карта салынбаса видео түсіру қолжетімді емес.

1. Камераны видео түсіру режиміне ауыстыру үшін «Режим» (MODE) батырмасын басыңыз. Дисплейде тиісті белгіше бар.
2. Жазуды бастау үшін «Түсіру» батырмасын басыңыз, жарық индикаторы қызылмен жыпылықта бастайды. Жазуды тоқтату үшін «Түсіру» батырмасын тағы бір рет басыңыз. Видео .avi форматында жазылады.
3. SD-картадағы жад толып кетсе, дисплейде тиісті мәлімдеме пайда болады. Құрылғымен жұмысты жалғастыру үшін бос жад картасын салыңыз немесе қажетсіз файлдарды жойыңыз.

Жаңғырту режимі

Жаңғырту режиміне кіру үшін «Режим» (MODE) батырмасын басыңыз. Сіз бейнелер мен видеоларды құрылғының өзінде қарай аласыз.

Бұл режимде Сіз фотосуреттерді бұрауды, қорғауды, жоюды және кесуды орындай аласыз, сондай-ақ видеоны жаңғыртуды, қорғауды және жоюды орындай аласыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: егер жадта сақталған файлдар болмаса, құрылғының дисплейінде «Файлдар жоқ» мәлімдемесі көрсетілетін болады. Камера режиміне оралу үшін «Режим» (MODE) батырмасын басыңыз.

Миниатюраларды көрсету

Жаңғырту режимінде миниатюраларды көрсету үшін «Төмен қарай» батырмасын басыңыз. Бейнені таңдап, оны бүкіл экранға жазу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Суретті бұру

1. Жаңғырту режимінде «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен 90°/180°/270°/Болдырмау таңдаңыз.
4. Өзгерістерді сақтау және жаңғырту режиміне оралу үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Мәзірге оралу үшін «Мәзір» батырмасына басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: «ОК» батырмасын басқаннан кейін дисплейде «Сақтау» жазуы пайда болады.

Қорғау

Сіз фото/видеоларыңызды байқаусызда өшіріп алудан қорғай аласыз.

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «Бұғаттау/Бұғаттан шығару» таңдаңыз.
4. Растау үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Егер Сіз «Бұғаттау» таңдасаңыз белгіше көрсетілетін болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: файлды бұғаттан шығару үшін 3-тармақта «Бұғаттан шығару» таңдаңыз.

Жою

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен мына опцияны таңдаңыз:
 - таңдалған Суретті видеофайлды жою үшін (Сіз жойғыңыз келетін файлдың түріне қарай) «Сурет/Видео»;
 - барлық қорғалмаған файлдарды жою үшін «Барлығы»;
 - SD-картаны форматтау үшін «Форматтау».
4. Жою үшін «ОК» батырмасын басыңыз.
5. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «Иә» немесе «Жоқ» таңдаңыз.
6. Жоюды растау үшін, «ОК» батырмасын басыңыз.

Суретті кесу.

1. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
2. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
3. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен «Кесу/Болдырмау» таңдаңыз.
4. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай»/«Солға»/«Оңға» батырмаларымен Сіз кескіңіз келетін жерді таңдаңыз.
5. Растау үшін «ОК» батырмасын немесе өзгерістерді қолданбай шығу үшін «Түсіру» батырмасын басыңыз.

Басып шығару

1. Басып шығарғыңыз келетін фотосуретті таңдаңыз.
2. «Мәзір» батырмасын басыңыз.
3. «Солға»/«Оңға» батырмаларымен тиісті батырмасын таңдаңыз.
4. «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларымен фотосуреттерді басып шығару үшін «Pict bridge», оралу үшін «Болдырмау» таңдаңыз.
5. «Pict bridge» режиміне өту үшін «ОК» басыңыз.
Дисплейде «Принтерге қосыңыз» жазуы көрсетіледі.
6. Камераңызды үйлесімді принтерге USB-кабелі көмегімен қосыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Сіздің принтеріңіз «Picture bridge» технологиясын қолдауы тиіс.

Жүйелік талаптар

ДК	Мас
• Windows XP және одан жоғары. • 128 Мб жедел жад. • Дискіде кемінде 150 Мб бос кеңістік. • Жұмыс USB-порты. • CD-ROM жетегі. • Экранның ажыратымдылығы 1024x768 және жоғары.	• MacOS 10.5 және одан жоғары. • 128 Мб жедел жад. • Дискіде кемінде 150 Мб бос кеңістік (256 Мб ұсынылған). • Экранның ажыратымдылығы 800x600 және жоғары. • Процессор Power Macintosh G3 500 МГц және одан жоғары.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: DC5200.
- Бейне датчигі: CMOS.
- Фото ажыратымдылығы: (14М) 4416x3312 (интерполяция), (12М) 4000x3000 (бағдарламалық интерполяция), (8М) 3264x2448, (5М) 2592x1944.
- Видео ажыратымдылығы: 1280x720 HD, 640x480 VGA, 320x240 QVGA.
- Дисплей: 2.8" TFT LCD.
- Сыртқы жад: SD-карта (32 Гб дейін).
- Цифрлық зум: 4X.
- Экспозиция: EV-3—EV+3.
- Ақ түс балансы: Авто/Күндізгі жарық/Бұлтты/Қызу шамы/Күндізгі жарық шамы.
- Көрініс: Авто/Түнгі портрет/Түнгі пейзаж/Портрет/Пейзаж/Жағажай/Ломография/Ит көзі/Жоғары сезімталдық.

- ISO: Авто/100/200/400.
- Түсіру кідірісі: СӨНД/2 с/5 с/10 с.
- Тұрақтандыру: иә.
- Файлдар форматы: JPEG/AVI.
- PictBridge: иә.
- Беттерді тану: иә.
- Күлімсіреуді тану: иә.
- Сериялық түсіру: иә (3 фото).
- Микрофон: иә.
- Интерфейстер: mini USB 2.0.
- Аккумулятор: Li-ion, 800 мАсағ.
- Жұмыс температураларының диапазоны: 5-40 °С.
- Жиынтықтылығы: фотокамера, USB-кабель, зарядтау құрылғысы, пайдаланушы нұсқаулығы, аккумулятор, қолға бау, камераға арналған қап.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында -20 °C-тан 70 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Оуэмджи Электроникс Лимитед.

5-қабат, А блогы, 4-ғимарат, Тяньань Диджитал Сити, Лунган ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортёр / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден Одағының КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі адресі: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

This image shows a blank sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

This image shows a blank sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and extend across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

www.dexp.club